

"Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 26 қазандағы № 477 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 24 ақпандағы № 123 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31974 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндеттін атқарушының 2010 жылғы 26 қазандағы № 477 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6649 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін.

Көрсетілген бүйрықпен бекітілген Мемлекеттік, тіркелетін танылым белгілері мен қосымша белгілерді азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне салу қағидаларында:

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қағидалар Қазақстан Республикасының азаматтық және эксперименттік әуе кемелеріне мемлекеттік, тіркеу, тіркеу танулық және қосымша белгілер енгізу тәртібін белгілейді.

Қағидалар метеорологиялық мақсатта пайдаланылатын зонд-шарларға, пилотсыз басқарылмайтын аэростаттарға, аса жеңіл авиация аппараттарына (дельтоплан, параплан, мотопараплан және моторсыз планерлер), сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы үәкілдегі ұйыммен есепке алынуға тиіс пилотсыз әуе кемелеріне қолданылмайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әуе кемесі – жер (су) бетінен шағылысқан ауамен әрекеттесуді болғызбай, ауамен өзара әрекеттесу есебінен атмосферада қалықтайтын аппарат;

2) аса жеңіл ұшу аппараттары – ең жоғары ұшу массасы 750 кг дейін қоса алғанда моторлы және моторсыз ұшу аппараттары;

3) Қазақстан Республикасы азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізілімі – Қазақстан Республикасы әуе кемелеріне, оған құқықтарға және онымен жасалынатын мәмілелерге мемлекеттік тіркеу жасалынатын құжат;

4) пайдалануши – әуе кемелерін пайдаланумен айналысатын немесе осы салада өзінің қызметін ұсынатын жеке немесе занды тұлға;

5) пилотсыз әуе кемесі – бортта пилотсыз пайдаланылатын немесе дербес жұмыс істеу үшін және (немесе) қашықтықтан басқару үшін арналған әуе кемесі.

4. Қазақстан Республикасының азаматтық әуе кемелерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген және ұшуға жіберілген азаматтық әуе кемелерінде ұшуларды орындау оған азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым берген осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік және тіркелетін танылым белгілерін салғаннан кейін жүргізіледі.

Тәжірибелік-конструкторлық және ғылыми-зерттеу жұмыстарының ұшу сынақтарын орындауға арналған эксперименттік әуе кемелеріне артықшылық беріледі." ;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Азаматтық әуе кемелерінде, сондай-ақ пилотсыз әуе кемелерінде қосымша келесі белгілер енгізіледі:

1) фюзеляждың бетіне екі жағынан пайдаланушы (авиакомпания) атауының жазылуы;

2) арттағы қанаттануының тік жазықты екі жағынан пайдаланушының (авиакомпания) эмблемасы;

3) мөлшері мемлекеттік және тіркеу тану белгілерінің мөлшерлеріне сәйкес, фюзеляждың тұмсық бөлігінің екі жағынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының бейнесі;

4) фюзеляждың екі жағынан тік шрифтпен, фонға қанық әуе кемесінің түрін белгілеу.

Дайындаушы зауыт салған әуе кемесінің түрі деген белгіні сақтау ұсынылады".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрлігінің міндеттін атқарушы

A. Бейспеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК